3 Technology Partnership. Enchancing the Competitiveness, Efficiency, and Environmental Quality of American Industry.- U.S. Department of Energy.DOE/60-100095-170.DE 95004086.Washington.April 1995.- 142 p.

4 Welfens P. J. J., Meyer B. Energy Policies in the European Union Germanys Ecological Tax Reform.- Berlin, New Jork Springer,2001.- 143 p.

5 Gololobov V. N. «Umniy dom» cvoimi rukami. –M.: NT Press, 2007 – 414p.

6 World Energy Outlook, 2006, isdatelctvo MEA, Parizh.

7 Gabriel I., Ladener H. Rekonstrukziy sdanii po standartam energoeffektivnogo doma Vom Altbau zum Niedrigenergie und Passivhaus.- C.: BHV – Peterburg, 2011. - p. 478 - ISBN 978-5-9775-0574-1.

8 Energy Savings Estimates of Light Emitting Diodes in Niche Lighting Applications. Navigant Consulting: Washington, D.C., 2008.

9 Technology Partnership. Enchancing the Competitiveness, Efficiency, and Environmental Quality of American Industry.- U.S. Department of Energy.DOE/60-100095-170.DE 95004086.Washington.April 1995.- 142 p.

10 dr. Györök Györqy. Számitógép perifeák I. Budapest – 2013.

11 A. Zhaparova, G.Gyorok, A.Kvasov, Autonomous light-emitting-diode (LED) low voltage systems of lighting integrated into “smart home”. 9th International Symposium on Applied Informatics and Related Areas „New Faculty, New Ability!” 2014 november 12 Obuda University/ Alba Regia Technical Faculty, Hungary, ISBN 978-615-5460-21-0

12 A. Zhaparova, A. Baklanov, D. Titov A.Kvasov, systems low-voltage "Smart House" with the use renewable energy sources. Scope Academic House, B&M PUBLISHING, 2 International Conference "TECHNICAL SCIENCES: MODERN ISSUES AND DEVELOPMENT PROSPECTS" 10 november 2014

Жапарова А.Т., Бакланов А.Е., Квасов А.И.

Төменгі вольты технологияларын жарықтандыру қондырғыларында қолданып тиімділігін арттыру

Түйіндеме. Мақалада төменгі вольты технологияларын жарықтандыру қондырғылар жүйесінде қолдануы жахылған. Төменгі вольты энергияны қайта қалпына келетін энергия көзіне аламыз. Қайта қалпына келетін энергия көздерің қолданғанда, соның ішінде күн батареяларын немесе күннен қоректенетің элементтерді типтік жарықтандыру қондырғыларында қолданғанда олардан алған тұрақты тоқты айнымалыға түрлендіру қажет.

Негізгі сөздер: қайта қалпына келетін энергия көзі, төменгі вольтты технология, тоқтын түрленуі, күн батареясы, жарықтандыру қондырғысы.

Zhaparova A. T., Baklanov A.E., Kvasov A.I.

Using the of low-voltage technology of LED lighting for the increase of its efficiency

Summary: This article is dedicated to the usage of low voltage technologies in lightning systems. Low voltage energy is obtained through employment of renewable energy sources. During wide implementation of alternative energy sources, particullary solar battaries and solar power supply elements it is necessary to convert direct current that is obtained from that energy sources to alternating current.

Key words – renewable energy sources, low-voltage technology, system, the transformation of current, solar battery the luminaries.

УДК 681.518.5:004.81:159.953.52

Л.А. Сугурова
(Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университет,
Алматы, Қазақстан Республикасы, sla-taraz@mail.ru)

ТПБАЖ ҚҰРАМЫНА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ЖЕДЕЛ ДИАГНОСТИКАЛАУ КӨМЕКШІ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Андатпа. Негізгі технологиялық жабдықтардың күйін жедел диагностикалау және бақылаудың автоматтандырылған жүйесін құрудың концепциясы. Бақылау және диагностикалау жүйесі басқарудың автоматтандырылған жүйесімен бірге жұмыс жасауы қажет. Және де тиімді басқарумен және технологиялық жабдықты жедел болжау жасау эффектісі бір бірін толықтырып, жүйенің жұмысының жалпы тиімділігін жоғарылату қажет. Диагностика алгоритмдерін құру әдісінде интеллектуалды технологияларды қолданып жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде оларды құруды жылдамдатып, болжаудың шын мәнінен жуық болуын жоғарылатады.

Кілттік сөздер: алгоритм, технологиялық объект, диагностикалау, басқарудың автоматтандырылған жүйесі, интеллектуальды жүйе, ТПБАЖ.

1. Диагностика туралы жалпы мағлуматтар

Өнеркәсіптік өндірісінің дамуының бірінші этаптарында технологиялық жабдықтардың (ТЖ) эксплуатациялық сенімділігін қамтамасыз ету немесе техникалық күйінің жарамдылығы "істен шығу" дейінгі кезеңге дейін жүргізілсе, өткен ғасырдың жартысында басқа бағыт - жоспарлы ескертпе жөндеулері (ЖЕЖ) пайда болды және де қазіргі уақытқа дейін қолданылады [1].

Бірақ нарық заманында ТЖ эксплуатациялық сенімділігін камтамасыз ететін, яғни "оның нақты жағдайы бойынша" басқада даму стратегияларына өтуіміз қажет [1]. Осы стратегияға өту ТЖ техникалық күйін жедел диагностикалау және бақылаудың автоматтандырылған жүйесін (ЖД және БАЖ) құру қажеттілігі туындайды.

ТЖ дың нақты күйі бойынша бағалау жүйесін қолдану жабдықтардың жөңдеуде тұрып қалу уақытының азаю салдарынан өнімділіктің тиімділігін жоғарылауына мүмкіндік береді, жөндеулерге шығындарды азюымен және жабдықтарды апаттан кейінгі қайта қалпына келтіруінен өнімнің өзіндік құнын төмендетеді [1].

ЖДжәнеБАЖ құруға арналған шығындары төмендетіледі, егер жұмыс жасайтын ТПБАЖ ға көмекші жүйесі ретінде құрамына кіргізсе. Бұл жағдайда әрекет етуші ТПБАЖ дын ақпараттық қамсыздандыруы қолданылатын болады. Бұл оны өңдеуге және ендіруге кететін шығындарды төмендетеді. Және де кеңейтілген ТПБАЖ ды енгізуден эффектісі жоғарылатылады, себебі

процесстерді тиімді және жедел басқарудың эффектісінен басқа ТЖ жедел диагностикалау эффектісі де орын алады. (кесте 1). Сонымен қатар синергетикалық эффекттің туындауын мүмкін етеді, ол дегеніміз – ТПБАЖ бен және ЖД және БАЖ эффектілері қосылғанымен тұрмай, көбейтіледі. Бұл процесстердің басқарылуымен қатар ТЖ диагностикалаудың өзара әсерлесуі арқылы жүзеге асады: бір жағынан жедел және тиімді процессті жүргізу ТЖ жақсы әсер етеді, екінші жағынан – жедел диагностикалау ТЖ күйін дұрыс деңгейде сақтауға мүмкіндік беріп, оның басқарылуын жақсартады.

ТЖ және БАЖ диагностикалау функциясы ТЖ дағы деструктивті процесстердің бастамасын бастапқы кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай процесстер аппатты, бірақ олардың дамуын уақыттың әр мезетінде бақыланатын параметрлердің трендтерінің бағалау жиынтығын жүргізетін, ескертуші көп параметрлі диагностика (КПД) әдісін қолдана отырып, бақылап және алдын ала болжауға болады [1]. Күйін болжау функциясы КПД ны ескертуші диагностикаға жатқызады, себебі ол басқару объектісінде жағымсыз жағдайларды басқарушы әсерлесудің берілісі арқылы пайда болуын алдын алуға мүмкіндігі бар. Басқарушы әсерлесу ретінде жұмыс режимін реттеу сигналдары және эксплуатациялық персоналға қажет әрекеттер туралы хабарламалар, қиратушы процесстерді ескерту үшін ТЖ ды өшіруге дейінгі хабарламалар қолданылады[1].

Жалпы жағдайда ЖДжәнеБАЖ құру үшін келесі өзара байланысқан есептерді шешу қажет. ДБ жиынтығы бойынша функционалдауының дұрыстығын және жұмысқа қабілеттілігін тексеруге мүмкіндік беретін, объекттің функциоаналдауын диагностикалайтын математикалық үлгіні құру. Істен шығу және бұзылуларды анықтауға мүмкүндік беретін, олардың туындау себептерін анықтайтын, бұзылу және істен шығу математикалық үлгіні құру. Қарапайым тексерулердің жиынтығы арқылы диагностикалау алгоритмін қалыптастыру. Олардың нәтижесінде бұзылударды және істен шығуды анықтау есебінде бұзылмаған немесе жұмысқа жарамды күйін ажыратуға, дұрыс функционалдау күйін оның дұрыс емес күйінен ажыратуға мүмкіндік береді, ал бұзылулар және істен шығу ды іздеу есептерінде ахаулары бар және жұмысқа жарамсыз күйін өз арасында ажыратуға мүмкіндік береді[2].

Жүйенің күйі оның белгілерін (параметрлерін) анықтайтын жиынтықтан сипатталады. Көптеген анықтаушы белгілер әр түрлі болуы мүмкін, біріншіден анықтап тану есебімен байланысты. Жүйенің күйін анықтап тану – мүмкін диагноздардың (класстардың) біреуіне жатыстыру. Диагноздардың саны зерттеудің мақсаты мен есептерінің ерекшеліктеріне байланысты болады[1].

Осы шарттарында анықтап тану есептерінде қазіргі заманғы интеллектуалды технологияларды (ИТ) қолдану ең перспективті жолы болуы мүмкін. Қазіргі уақытта тәжірибеде келесі ИТ жиі қолданылады: анық емес логика, нейронды желілер және нейро-анық емес желілер. Бұл мақалада [3] технологиялық процесстерді басқару жүйелерін құру кезіндегі интеллектуалды технологияларды қолдану әдістемесі ұсынылған. Бірақ бұл әдісті сонымен қатар технологиялық жабдықтардың күйін диагностикалау жүйесін құру кезінде қолдануға болады. Себебі объекттердің техникалық жағдайларын диагноз қою процессін зерттеу, өңдеу және жүзеге асыру кезіндегі есептерді шешу басқару процесстерін жүзеге асыру, өңдеу және зерттеу кезіндегідей [4].

2. Диагностиканың интеллектуалды алгоритмін құру әдістемесі

Жаңажамбылдық фосфорлық зауыттың (ЖЖФЗ) шарттарында сары фосфор өндірісін қамтамасыз ететін, ТЖ ахауларын идентификациялау үшін ТФЭ жоспарлау матрицасын қалыптастыру мысалында интеллектуалды технологияларды қолдануды қарастырайық. (1 кесте).

Техникалық жүйенің үш күйін ажыратамыз [5]:

1. Іске жарамдылық күй – бұл техникалық құжаттарда көрсетілгендей мәндері бар параметрлерімен, тапсырылған функцияларды техникалық жүйе орындауға қабілетті күйді айтамыз.

2. Іске жарамды, бірақ ахаулары бар күй – бұл өзінің негізгі функцияларын орындай алуға мүмкіндігі болғанмен, бірақ техникалық құжаттардың барлық талаптарына жауап бере алмайтын техникалық жүйенің күйін айтамыз.

3. Істен шығу – бұл жүйенің іске жарамдылық күйінің бұзылуының, яғни тапсырылған функцияны орындауға мүмкіндігі жоқ күйедегі оқиғаны айтамыз.

1 кесте. **Жұмыстағы мүмкін ахаулар және оларды жою амалдары**

№	Ахаулардың түрлері және белгілері	Ахаулардың мүмкін себептері	Персоналдың әрекеттері және ахауларды жою амалдары
…	…	…	…
13	Электропештің қақпағының астының температурасының ұлғаюы	1. Жүктейтің ағындардағы шихтаның тұрып қалуы 2. Шлакты уақытынан тыс ұстап қалу 3. Қысқа электродтар 4. Шихтада кокстың артық болуы 5. электродтың ахауы	1. Тұрып қалған шихтаны ағынын анықтау және оны инструкцияға сәйкес “тесу” 2. Коксты максималды түрде жою үшін шлак ағызып тастау 3. Электродты өшіріп қайта қосу 4. Кокспен азайтылған шихтаны “жууға” беру 5. Цех технологының айтылуы бойынша әрекет ету
14	Пештің крышкасының астындағы температурасы шектік мүмкін мәнінен төмендеуі	1. Шлакта P_2O_5 тің үлкен көлемде болуы 2. Электропештің қуатының төмендігі	1. Шихтаны түзеу 2. Мүмкіндігінше қуатты көтеру. Қажет уақытында электродқа щихтаның динамикалық жүктемесін бірқалыптылығын бұзбай, ағылу секторлық затворларын жабу.
…	…	…	…
17	Су деңгейін “жұм-сатылған су” ыдысында төмендету.	1. Бір немесе бірнеше салқындатқыш элементтердің күйіп кету нәтижесінде сулың ағып кетуі	1. Электропешті өшіру 2. күйген орнын анықтап және оны ауыстыру немесе сәйкес элементті өшіру
…	…	…	…

Осы классификацияға сәйкес №14 ахауды техникалық жүйелердің екінші топтағы – “іске жарамды, бірақ ахаулары бар” күйге жатқызуға болады. №13 ахауды үшінші “істен шығу” тобына жатқызуға болады. №13 ахауы істен шығу тобына жақынырақ деп айтуға болады, бірақ екінші топтағы күйдегі белгілері де бар.

ТЖ үшін ең қауіптісі істен шығу күйі, сондықтан техникалық жүйенің үшінші топтағы күйін қарастырайық. Істен шығу – бұл сенімділік теориясының негізгі түсінігі. Объектіге көптеген объективті және субъективті факторлардың әсер ету нәтижесінде істен шығу орын алады.Бұл факторларды толығымен ескеру қиындық туғызады [5].

Істен шығулардың классификациясы

1. пайда болу себептері бойынша істен шығуларды төмендегідей ажыратады:

- *конструкциялық*, конструкциясының жетіспеушілігінен туындайды;
- *технологиялық,* бұйымды дайындау технологиясының бұзылуынан немесе жетілдірілмегендіктен;
- *эксплуатациялық*, қате эксплуатация нәтижесінде туындайды.

2. Техникалық жүйенің жұмыс қабілеттілігіне әсер етуі бойынша істен шығуларды төмендегідей ажыратамыз:

- бұзылуын шақыратын, жүйенің істен шығу элементтері;
- істен шығуын шақыратын, жүйенің істен шығу элементтері.

3. Басқа элементтердің қарсы шығу байланыстары бойынша:

- тәуелді қарсы шығуларға;
- тәуелсіз қарсы шығуларға.

4. Кездейсоқ туындауы бойынша:

- кездейсоқ (мезеттен пайда болу);
- біртіндеп пайда болу (жүйелі).

Әрине [5] ұсынылған классификациясы (кез келген классификация секілді) шартты сипаты бар, себебі істен шығуларды кейде оның бірнеше түрлеріне жатқызуға болады. Мысалы, №13 бұзылуды бір уақытта “қарсы шығулар” және “жұмысқа жарамды, бірақ ахаулары бар топтарына жатқызуға болады. Ол конструкциялы және де эксплуатационды себептермен кездейсоқ немесе біртіндеп пайда болуы мүмкін.

Сонымен қатар жоғарыда айтылған бұзылулар “апатты жағдайларды ескертетін” сипатта болып келеді, яғни болған аппаттық жағдайды ғана айтады, бірақ оның алдын ала пайда болатынын жоспарлап айта алмайды. Бұзылулырадың белгілерімен себептерін сапалы (сандық емес) бағалау нақты бір жағдайды аппаттыққа жақын екенін “есептеуге” мүмкіндік бермейді. Мұндай бағалауды есептеу үшін (барлық техникалық диагностикалау оқулықтарында) диагностикалау объектісінің функционалдауының математикалық үлгісін құрып, бұзылулар және қарсылықтардың математикалық үлгісін құрып және диагностикалау алгоритмдерінің тұрғызу қажет.

Бірақ мұндай жол жедел диагностикалау жүйесін құруда ұзақ, қымбат және де кейде сәтсіз де аяқталуы мүмкін. Басқару жүйесін құру кезіндегі әдісті [3] қолданайық, яғни диагностикалау объектілерінің математикалық үлгілерінің және қарсылықтардың үлгілерін құрудың орнына қазіргі кездегі интеллектуалды технологияларды қолданып, диагностикалау алгоритмін құруға кірісеміз. ИТ қолдану мұндай есептерді шешуге мүмкіндік береді және де тәжірибе көрсеткендей өте сәтті болады. Яғни бұл жағдайда адамдар эксперттерінен алынған “дайын білімдер” эффектісі қолданылады.

Ұсынылып отырған диагностикалау алгоритмін құру әдістемесі негізіне өнімдердің дәстүрлі ережелерінің орнына ТФЭ жоспарлау матрицасы құрайды. №13 бұзылуын диагностикалау мысалында ТФЭ жоспарлаудың матрицасын қалыптастыру әдістемесін қарастырайық.

Пеште температураның өзгеруі қалыпты жағдай, ол “сезімтал реттегіш” электродтардың терең енуі немесе жоғары көтеру көмегімен реттелінеді немесе “қатаң реттеу” трансформатордың сатыларын ауыстыру арқылы реттелінеді, және де жүктелінетін шихтаның физикалық және химиялық қаситеттерінің бірқалыпсыздығынан түсіндіріледі. Бірақ, егер температура шектік деңгей мәнінен жоғарлап кетсе және басқару жүйелері көмегімен төмендету мүмкін болмаса, онда бұл аталған бес себептері бойынша апаттық жағдайдың туындау туралы мәліметті баяндайды. Яғни белгілі бір шектік мәндерде температураның өзгеруі басқарушы әсер арқылы орындалса, онда пештің теникалық жағдайы қалыпты дегенді білдіреді және де пеш (ТПБАЖ) басқару жүйесінің әрекет етуші сферасында. Сонымен қатар, егерде температура шектік деңгейден асып кетпесе де, бірақ температураның төмендеуіне нұсқау беретін басқару жүйесіне “бағынбаса”, онда бұл апаттық жағдайдың жақындауы туралы мәліметті нұсқап және диагностика көмекші жүйесін әсер ету сферасына өту қажеттілігін білдіртеді.

[6] жұмыста басқарушылық дәрежесін бағалау көмегімен, қайта құрылатын техникалық жүйені бағалау әрекеті жасалынып көрілді. Мұнда сол критерийді ТЖ ағымдық күйінің жағдайы бойынша әрекет етуші техникалық жүйені бағалау үшін қолдануға болады. Яғни диагностикалық белгі (ДБ) ретінде технологиялық жабдықтың ағымдық басқарушылық көрсеткішін қолдану. Мұны ТЖ басқарушылық әсерлеріне, кіріс шығыс айнымалыларын бағалау және басқаруға мүмкіндік беретін, ТПБАЖ негізінде жасауға мүмкіндік бар.

Осылайша ТЖ басқарушылық дәрежесін анықтау аппаттық жағдайдың пайда болу мүмкіндігін бастпақы уақытында да анықтауға мүмкіндік береді. Калманның анықтамасына сәйкес [7] басқарушылық дегеніміз (бастапқы келісім шарттылықты жою) басқару әсерлері бар жүйенің қасиетімен түсіндіріледі, ол жүйені белгілі бір уақыт аралығында белгіленген бастапқы жағдайынан талап етілетін жағдайға өтуге мүмкіндік береді. [6] жұмыста ТЖ басқарушылығын анықтаудың көптеген әдістеріне терең талдау жүргізілген, бұл барлық әдістер өте күрделі және басқару объектісінің статикалық және динамикалық мінездемесін білуді талап етеді және де бұл әрдайым мүмкін емес. [6] жұмыста қазіргі интеллектуалды технологиялардың көмегімен оператор технологтардың тәжірибесін, білімін және интуициясын қолдана отырып, біз ТЖ басқарушылық дәрежесін бағалау әдістерін келтірдік.

ТЖ ағымдық басқарушылық дәрежесін анықтау үшін келесі критерийлерді қолдану ұсынылады: басқару каналдарының статикалық бағасы, ТЖ инерциялдылығының бағасы, ТЖ бөгетке тұрақтылығының бағасы және ТЖ өлшеулілігінің бағасы. ТЖ өлшеулілік және бөгетке тұрақтылылық критериі уақыт бойынша әлсіз өзгергендіктен, оларды ТЖ жалпы басқарушылық бағалауында ескермеуге де болады.

Мысалы ретінде №13 ахаулары үшін ТЖ басқарушылық дәрежесін бағалау әдісін қарастырайық.

Және де осы арада статикалық бағалау ретінде келесі айнымалыларды аламыз:

- электр пешінің қақпақ астындағы температурасы (X_1);
- электродтардың ену тереңдігінің шамасы (X_2);
- температура көтерілген мезетінен бастап трансформатордың сатыларының қосылу фактісі (X_3).

Динамикалық бағалау ретінде келесі көрсеткіштерді қабылдаймыз:

- температураның көтерілу жылдамдығы (X_4);

- "Электродтың ену тереңдігі – пештегі температура" каналы бойынша объекттің инерциялдылығы (X_5), бұл басқарушылық әсер етушіге (электродтың ену тереңдігі) ТЖ реакция уақыты (пештегі температура).

Шығыс айнымалы бұл басқарушылықтың жалпы бағасы (Y).

Барлық осы айнымалыларды (трансформатордың сатыларын ауыстыру фактісінен басқасын) (1) формула көмегімен нормализациялауға болады, ол олардың мәндерін минималдыдан максималдылыққа [0-1] диапазонында өзгеруін бағалауға мүмкіндік береді. X_3 айнымалысы тек екі мәнді ғана қабылдайды: 1 (сатыларды ауыстыру болды) және 0 (сатыларды ауыстыру болған жоқ).

Барлық статикалық және динамикалық басқару каналдарының критерийлері пештің қуатына тәуелді өзгеретіндігін ескеру қажет. Сондықтан Wi қуаттың әр бір мәні үшін жеке жеке ТФЭ жоспарлау матрицасын қалыптастыру қажет.

Енді ең маңыздысына кірісуге болады – ЖЖФЗ фосфорлық зауыттың өндіріс цехінің ИТҚ немесе тәжірибелі – технологтардың білім базасын қалыптастыру немесе өнімнің ережелерін құрастыру. Мысалы, ережелер келесідей түрде болуы мүмкін:

1 Ереже: «ЕГЕР ТЕМПЕРАТУРА МИНИМАЛДЫ» ЖӘНЕ «ЭЛЕКТРОДТЫҢ ЕНУ ТЕРЕҢДІГІ МИНИМАЛДЫ» ЖӘНЕ «САТЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ БОЛҒАН ЖОҚ» ЖӘНЕ «ТЕМПЕРАТУРАНЫҢ ӨЗГЕРУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ МИНИМАЛДЫ» ЖӘНЕ «ОБЪЕКТТІҢ ИНЕРЦИЯЛДЫЛЫҒЫ ТӨМЕН» ОНДА « БАСҚАРУШЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ ЖОҒАРЫ»;

2 Ереже: «ЕГЕР ТЕМПЕРАТУРА МАКСИМАЛДЫ» ЖӘНЕ «ЭЛЕКТРОДТЫҢ ЕНУ ТЕРЕҢДІГІ МАКСИМАЛДЫ» ЖӘНЕ «САТЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ БАР БОЛҒАН» ЖӘНЕ «ТЕМПЕРАТУРАНЫҢ ӨЗГЕРУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ МАКСИМАЛДЫ» ЖӘНЕ « ОБЪЕКТТІҢ ИНЕРЦИЯЛДЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ» ОНДА «БАСҚАРУШЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ ТӨМЕН»;

3 Ереже: «ЕГЕР ТЕМПЕРАТУРА ОРТАША» ЖӘНЕ «ЭЛЕКТРОДТЫҢ ЕНУ ТЕРЕҢДІГІ ОРТАША» ЖӘНЕ «САТЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ БОЛҒАН ЖОК» ЖӘНЕ «ТЕМПЕРАТУРАНЫҢ ӨЗГЕРУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ ОРТАША» ЖӘНЕ «ОБЪЕКТТІҢ ИНЕРЦИЯЛДЫЛЫҒЫ ОРТАША» ОНДА «БАСҚАРУШЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ ОРТАША»;

және т.с..

Осы өнімнің ережелерін эксперттермен "ойша экспермент" деп аталатын эксперимент жүргізіп, ТФЭ жоспарлау матрицасы түрінде қалыптастыруға өте ыңғайлы, онда осы үш ереже үшін жоспарлау матрицасы төмендегідей түрде болады (2 кестені қарау).

2-кесте. **Wi қуаты үшін басқарушылық дәрежесін бағалау үшін арналған ТФЭ-ң жоспарлау матрицасы.**

Эксперимента №	X_1	X_2	X_3	X_4	X_5	Y
1	0	0	0	0	0	1
2	1	1	1	1	1	0
3	0,5	0,5	0	0,5	0,5	0,5

Айнымалыларды 0, 0.5 және 1.0 үш деңгейлі бағалау кезінде толық факторлық экспериментті жүргізуді қамтамасыз ету үшін эксперименталды нүктелер саны $N=3^5=153$ тең болады. Бірақ 0.0, 0.25, 0.5, 0.75 және 1.0 бес деңгейлі бағалауды қолданған жөн, онда нүктелер саны $N=5^5=2625$ ке тең болады. Бірақ мұндай өте көп экспериментті жүзеге асыру қиынға соғады, мұндай жағдайда эксперитменталды нуктелер саны азырақ кезіндегі [4] бөлшектелген факторлық экспериментті (БФЭ) орындауға болады. Және де диагностика көмекші жүйесіне қарағанда, басқару жүйесі үшін интеллектуалды моделдер дәлдігі аса жоғары болуы тиіс екенін ұмытпау қажет. Сондықтан диагностика жүйесі үшін БФЭ кезінде нүктелер саны пешті басқару жүйесінін нүктелер санына қарағанда анағұрлым аз болуы мүмкін. Бірақ қандай болмасын, "ойша эксперимент" көп жасалған сайын, диагностикалау алгоритмінің интеллектуалды моделі дәлірек болады.

ТФЭ жоспарлау матрицасын интеллектуалды моделдердің үш түрінен біреуін синтездеу үшін қолдануға болады. Интеллектуалды моделдердің үш түрі: анық емес, нейрожелілік немесе нейро-анық емес. Ары қарай алынған интеллектуалды моделдерді сезімталдылыққа, тұрақтылыққа, біріңғайлылыққа және адекваттылыққа зерттеу жүргізіледі. Осы моделдердің үшеуінің ең жақсысын ЖД және АБЖ – диагностика көмекші жүйесін құру кезінде қолдануға болады.

Ары қарай басқарушылық дәрежесін бағасына тәуелді ТЖ ағымдық күйін аппаттық жағдайға (№13 ахау үшін) жақындау дәрежесінің келесі бағалау градациясын мысал ретінде қарастырайық:

а) егер Y мәні 0 ден 0,25 дейінгі аралықта жатса - онда аппаттық жағдай туындады;

б) егер Y мәні 0,26 дан 0,5 дейінгі аралықта жатса – бұл аппаттық алдындағы жағдай;

в) егер Y мәні 0,51 ден 0,75 дейінгі аралықта жатса – аппаттық жағдай ттуындауы мүмкін;

г) егер Y мәні 0,76 ден 1,0 аралығында жатса – пеш калыпты жағдайда.

Пештің басқарушылық дәрежесінің бағасының шамасына тәуелді ЖД және АБЖ келесі шешімдердің біреуін қабылдауы мүмкін:

(г) жағдайында – ешқандай шара қолданбау;

(в) жағдайында – басқарушылықтың төмендеуінің мүмкін себептеріне талдау жасау: жүктеу ағындарда шихтаның тұрып қалуы; шлакты ұзақ ұстау; қысқа электродтар; шихтада кокстың артық болуы; электродтың опырылуы;

(б) жағдайында – талдаудың нәтижесіне байланысты келесі әрекеттердің біреуін орындау: тұрып қалған шихтаның ағынын анықтап, интрукцияға сәйкес “тесу”, кокты максималды жою үшін шлакты ағызып жіберу; электродты қайта қосу немесе кокспен жұтаңдатылған, шихтамен “шаюға”беру;

(а) жағдайында - цех технологтың бұйрығы бойынша әрекет ету.

Осыған ұқсас №бұзылулар кезіндегі пештің басқарушылық дәрежесін бағалау үшін де ТФЭ жоспарлау матрицасын ұйымдастыруға болады. № 17 бұзылуды [9] классификациясы бойынша кездейсоқ (кенеттен пайда болатын) топтарға жатқызуға болады, олардың пайда болу себептерін алдын ала болжауға мүмкін емес. Мұндай топтағы бұзылулар сәйкес датчиктермен тіркелінеді, ал оларға деген реакциялары технологиялық инструкцияларда келтірілген және де монитор экранына ЖД және АБЖ көмекші жүйесі көмегімен көшірілуі мүмкін.

Осылайша ТЖ басқарушылық дәрежесін бағалау ұсынылған әдістемесі алдын ала ертерек аппаттық жағдайлардың туындауын болжап және олардың алдын алуға ықпалын тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 М.В. Ионов, М.Н. Краснянский. Автоматизированные системы технической диагностики химико-технологического оборудования // Вопросы современной науки и практики. – 2012. - №2. С. 66-73..

2 А.Р. Титов, Д.Н. Коркушев, А.В. Широков. Разработка и внедрение интеллектуальной системы диагностики мощных силовых трансформаторов. – Казань: Сетевая компания. – 2006, - 138 с.

3 Б.А. Сулейменов, Г.М. Мутанов, А.Б. Сулейменов. Интеллектуальные системы управления: теория, методы, средства. – Алматы: Казак университеті. - 2012. - 223 с.

4 П.П. Пархоменко. Основы технической диагностики. Кн. I. Модели объектов, методы и алгоритмы диагностики. – М.: Энергия. - 1976. – 464 с.

5 А.Н. Тихонов. Основы теории надежности и диагностики. – Барнаул: АлтГТУ. - 2008, - 226 с.

6. Б.А. Сулейменов, Г.М. Мутанов. Управление технологическими процессами в цветной металлургии. – Алматы: Гылым. – 1997. - 279 с.

7 Kalman R.T. Topicsin Mathematical System Theory. Mc Graw-Hill. - New York. - 1969. – 375 p.

Сугурова Л.А.

Концепция создания интеллектуальной системы контроля и оперативной диагностики состояния технологического оборудования

Резюме. Предложена концепция создания автоматизированных системы контроля и оперативной диагностики состояния основного технологического оборудования. Система контроля и диагностики должна действовать совместно с автоматизированной системой управления. При этом эффекты от оптимального управления и оперативного прогнозирования состояния технологического оборудования будут дополнять друг друга и повышать общую эффективность работы системы. Предлагается методика создания алгоритмов диагностики с использованием интеллектуальных технологий, что значительно ускорит их разработку и повысит точность прогноза.

Ключевые слова: алгоритм, технологический объект, диагностика, автоматизированная система управления, интеллектуальная система, АСУТП.

Sugurova L.A.

The concept of creating a subsystem of dynamic diagnosis of the condition process equipment in the composition

Summaru. The concept of creation of the automated monitoring systems and operational diagnosis of the condition of the main technological equipment. System monitoring and diagnostics should operate in conjunction with an automated control system. At the same time the effects of the optimal management and operational forecasting of the

technological equipment will complement each other and improve the overall efficiency of the system. The technique of creating diagnostic algorithms with intelligent technologies that significantly accelerate their development and increase the accuracy of the forecast.

Key words: algorithm, technological object, diagnostic, automated control system, intelligent system, PCS..

УДК 004.92:615.841

Е.А. Алтай, Ж.Е. Куатканова, Т. А. Усенбай, А. Кунесбеков
(Казахский национальный технический университет имени К.И. Сатпаева,
Алматы, Республика Казахстан, aeldos@inbox.ru)

ИССЛЕДОВАНИЕ АЛГОРИТМОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ЭЛЕКТРОКАРДИОСИГНАЛ ПРИ ДЕТЕКТИРОВАНИИ АНОМАЛИИ, С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ MATLAB

Аннотация. Предлагаемый метод состоит в изучении и анализе формы сигнала электрокардиографа (ЭКГ) для обнаружения имеющихся аномалий относительно пиков P, Q, R и S. На первом этапе собираются данные ЭКГ в реальном времени. На следующем этапе производится формирование сигналов с последующей предварительной обработкой. В-третьих, полученный сигнал ЭКГ подвергается извлечению характерных особенностей. Извлеченные особенности позволяют обнаружить аномальные пики, присутствующие в форме сигнала. Таким образом, на основе выделенных особенностей, можно дифференцировать нормальный и аномальный сигнал ЭКГ. Работа выполнена с помощью наиболее известного многофункционального инструмента MATLAB. Моделирование поможет повысить точность для удобного конструирования аппаратных средств.

Ключевые слова. Электрокардиосигнал, фильтры высоких частот, фильтры низких частот, пики, MATLAB.

ВВЕДЕНИЕ

Электрокардиограмма – это диагностический инструмент, с помощью которого измеряют и записывают электрическую активность сердца в мельчайших деталях. Интерпретация этих деталей обеспечивает диагностику широкого спектра угрожающих жизни сердечных заболеваний, о которых говорится в [1] и [2]. Ток распространяется по поверхности тела. ЭКГ генерируется за счет передачи нервного импульса сердцу. Тока на поверхности тела создает падение напряжения, которое составляет от нескольких микровольт до милливольт с импульсной вариацией. Это очень малая амплитуда импульса, требующая усиления в несколько тысяч раз. Типичное ЭКГ нормального сердечного ритма (или сердечного цикла) включает P - волну, комплекс QRS (желудочковый комплекс) и T - волну. Небольшая U-волна, как правило, видна в 50-75% электрокардиограмм. Исходное напряжение ЭКГ известно как изоэлектрическая линия. Как правило, изоэлектрическая изолиния измеряется как участком отслеживания после T-волны, предшествующий следующему P - волне. Электрическая активность сердца может быть зарегистрирована на поверхности тела с помощью ЭКГ. Таким образом, электрокардиограмма (ЭКГ) – это просто вольтметр, в котором используются до 12 различных проводов (электродов), размещенных на заданных участках тела. На рисунке 1 представлено типичная ЭКГ, как указано в [2]. Электрическая активность сердца, как правило, регистрируется контрольными электродами, размещенными на поверхности кожи. Электрический сигнал очень мал (от 0,0001 до 0,003). Эти сигналы находятся в диапазоне частот от 0,05 до 100 Гц (Герц) или циклов в секунду.

При обработке сигнала ЭКГ усилитель прибора играет важную роль, так как сигнал, генерируемый человеческим телом, очень мал по амплитуде. Необходимо добиться высокого коэффициента усиления с высокой степенью подавления синфазного сигнала (CMRR). Сигналы ЭКГ очень шумны, как правило, с частотой 50 Гц. Для проверки и настройки цифрового фильтра использовался MATLAB, как указано в [3], для получения хорошего комплекса QRS без помех, который представляет собой деполяризацию желудочков на ЭКГ, то есть, показывает электрический импульс сердца при прохождении через желудочки.



Рис. 1. Типичный цикл сигнала ЭКГ

Методы исследования. Для исследования алгоритма синтезируется фильтры высоких и нижних частот. На выходе фильтра оцениваются состояние кардиосигнала, схема идентификации кардиосигнала на рисунке 2.

Рис. 2. Блок-схема идентификации алгоритма

Сигнал ЭКГ генерируется кодом MATLAB по данным в режиме реального времени. Цель состоит в создании типичных сигналов ЭКГ различных проводов и как можно большей аритмии. Этот метод имеет множество преимуществ при моделировании волновых форм ЭКГ. Во-первых, экономия времени, во-вторых, устранение шума и в-третьих, простое детектирование обнаружение Q, R, S.

Важные особенности формы волны ЭКГ .

Типичная скалярная кардиограмма показана на рисунке 1. Существенные особенности формы сигнала – это воны P, Q, R, S, длительность каждой волны и временные интервалы, такие как P-R, S-T и Q-T. Сигнал ЭКГ является периодическим с фундаментальной частотой, определяемой сердцебиением. Он также удовлетворяет условию Дирихле. Таким образом, для представления сигнала ЭКГ можно использовать ряд Фурье. Если внимательно посмотреть на рисунке 1, можно заметить, что один период сигнала ЭКГ представляет собой сочетание треугольных и синусоидальных сигналов. Важная особенность сигнала ЭКГ может быть представлена сдвинутыми и масштабированными версиями. Форма сигнала представлено на рисунке 3.

• Участки QRS, Q и S сигнала ЭКГ могут быть представлены треугольными формами.

• Участки OP, T U могут быть представлены треугольными формами.



Рис. 3. Типичная форма сигнала ЭКГ в MATLAB

Сгенерированный в MATLAB выходной сигнал показан на рисунке 3. Характеристики для этого сигнала определены по умолчанию и могут быть изменены в соответствии с требованиями пользователя при моделировании кода MATLAB.

Обработка сигнала ЭКГ. Как правило, записанный сигнал часто загрязнен шумами и артефактами, которые могут быть в пределах полосы частот, представляющей интерес, и проявляются с аналогичной характеристикой, как сам сигнал ЭКГ. Для извлечения шумного сигнала ЭКГ, нужно обработать основной сигнал ЭКГ.

Обработку сигнала ЭКГ можно условно разделить на два этапа:

1) Предварительная обработка

2) Выделение особенностей.

На этапе предварительной обработки устраняется или подавляется шум необработанного сигнала ЭКГ. На этапе выделения особенностей из сигнала ЭКГ извлекается диагностическая информация, как описано в [4]. Сигналы ЭКГ, прошедшие предварительную обработку, позволяют устранить шумы из сигналов ЭКГ. Загрязнения ЭКГ можно разделить на следующие категории, как указано в [5]:

• Наводка помех от линий электропередачи

• Помехи от электродов или контактов

• Артефакты от движения пациента/электродов

• Электромиографический (ЭМГ) шум

• Дрейф базовой линии

Среди этих шумов, помехи от линий электропередачи и дрейф базовой линии являются наиболее значимыми, и они могут сильно повлиять на анализ сигнала ЭКГ. Кроме этих двух шумов, другие шумы могут быть широкополосными и, как правило, иметь сложный стохастический характер, который также искажает сигнал ЭКГ. Помехи от линий электропередачи – это узкополосный шум с центральной частотой 60 Гц (или 50 Гц) с пропускной способностью, равной

или меньше 1 Гц. Обычно аппаратура по получению сигнала ЭКГ позволяет устранить помехи от линии электропередачи. Тем не менее, дрейф базовой линии и другие широкополосные шумы не подавить с помощью аппаратного оборудования не легко. Вместо этого более мощным и удобным инструментом для автономной обработки сигнала ЭКГ является программная схема. Мы можем использовать следующий метод кода MATLAB для устранения шума. На рисунке 4 и 5 иллюстрирован отфильтрованный выходной сигнал зашумленного ЭКГ сигнала.



Рис. 4. Типичный выходной сигнал ЭКГ, прошедший низкочастотную фильтрацию



Рис. 5. Типичный выходной сигнал ЭКГ, прошедший высокочастотную фильтрацию

Детектирование комплекса QRS. Обнаружение R-пиков и, следовательно, комплексов QRS в сигнале ЭКГ предоставляет информацию о частоте сердечных сокращений и скорости проводимости. В них также имеется информация о состоянии ткани в сердце, а также различных патологиях. Они представляют доказательства для диагностики заболеваний сердца. По этой причине на эти пики обращается значительное внимание при обработке сигналов ЭКГ. Тем не менее, наличие шума и изменяющейся во времени морфологии затрудняет их детектирование. На рисунке 6 показано детектирование пика/минимума на оригинальном сигнале ЭКГ. Пики и минимумы (особенно точки Q, R и S) становятся более выраженными после такого анализа. После детектирования комплекса QRS можно проанализировать особенность другими методами. Например, мы можем выполнить анализ вариабельности сердечного ритма (HRV) по сигналу интервала R-R, чтобы продемонстрировать состояние сердца и нервной системы.



Рис. 6. Типичное представление пика на нормальном сигнале ЭКГ

Аномальный сигнал ЭКГ (аритмия). Аритмия – это проблема частоты или ритма биения сердца. При аритмии сердце может биться слишком быстро, слишком медленно или с нерегулярным ритмом. Слишком быстрое сердцебиение известно как тахикардия. Слишком медленное сердцебиение известно как брадикардия. Большинство аритмий безвредны, но некоторые из них могут быть серьезными или даже опасными для жизни. Во время аритмии сердце не может перекачивать достаточно е количество крови в организме. Отсутствие кровотока может привести к повреждению сердца, мозга и других органов. На рисунке 7 приведено представление аритмии сердца, а на рисунке 8 показаны пики аномального сигнала.



Рис. 7. Сигнал аритмии (аномальный сигнал ЭКГ)



Рис. 8. Представление комплекса QRS на аномальном сигнале

Сравнение различных методов обработки. Хотя не адаптивная фильтрация быстрее, чем адаптивные методы фильтрации, основанная на каком-то оптимальном значении, дает лучшие результаты, как указано в [6]. Хотя адаптивная фильтрация в некоторых случаях усиливает S-пики, она не дает каких-либо серьезных эффектов искажения сигнала. Тем не менее, этот подход более удобный, чем обычные методы фильтрации, подчеркивая особенности сигнала ЭКГ с оптимальным частотно-временным разрешением.

Сравнение нормального и аномального сигнала ЭКГ. В нормальной ЭКГ временной интервал между R-R составляет 0,6-1 секунду, в случае быстрого сердцебиения временной интервал меньше 0,6 секунд, это состояние известно как синусовая тахикардия. В случае медленного сердцебиения временной интервал более 1 секунды, это состояние известно как синусовая брадикардия. Ссылаясь на рисунок 7, мы можем сказать, что интервал R-R для нормального случая составляет 0,6-1 секунду, а по рисунку 8 мы можем сказать, что интервал R-R для аномального случая (сигнал аритмии) больше 1 секунды – синусовая тахикардия.

Заключение

С помощью MATLAB каждый может проследить за своим состоянием сердца, просто используя возможности. Приведенные выше примеры и методы могут использоваться для экспериментов/лабораторных целей в реальном времени. Одним из важнейших этапов в анализе ЭКГ является точное определение различных волн, а именно P, Q, R и S, отображающих весь сердечный цикл. Методология, безусловно, представляет собой новый подход к детектированию точек и нестандартных форм, присутствующих в сигналах ЭКГ. Предлагаемая работа может быть продолжена для дальнейшего улучшения алгоритмов детектирования аномалий и реализации этой системы для определения аритмии сердца с помощью вычисления интервалов между импульсами двух различных сигналов в реальном времени. Для обработки и проектирования алгоритмов детектирования используется MATLAB, в котором выполняются операции математической обработки сигналов и статистического анализа результатов тестов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Макешева К. К., Алтайулы А. Е. Измерительные преобразователи биоэлектрической активности сердца //Проблемы современной науки и образования. – 2014. – №. 10 (28).

2. Алтайулы А. Е. Методы детектирования биосигналов //Проблемы современной науки и образования. – 2014. – №. 9 (27).

3. Алтайулы А. Е. Алгоритмические, программные и технические средства идентификации паттернов биоданных //Проблемы современной науки и образования. – 2014. – №. 10 (28).

4. Kuliash M., Yeldos A. Computer modeling electrocardiogram signals using notch filters //European research. – 2015. – №. 3 (4).

5. Дроздов Д.В. Влияние фильтрации на диагностические свойства биосигналов // Материалы конференции /Функциональная диагностика. – 2011. - №3. – С. 75-78

6. Mahesh S.H., Agarbala R.A. FIR equiripple digital filter for reductions of power line interference in the ECG signal // Proceedings of the 7th wseas international conference on signal processing, robotics and automation. - 2008. –P. 147-150

REFERENCES

1. Makesheva K. K., Altayulyi A. E. Izmeritelnyie preobrazovateli bioelektricheskoy aktivnosti serdtsa //Problemyi sovremennoy nauki i obrazovaniya. – 2014. – №. 10 (28).

2. Altayulyi A. E. Metodyi detektirovaniya biosignalov //Problemyi sovremennoy nauki i obrazovaniya. – 2014. – №. 9 (27).

3. Altayulyi A. E. Algoritmicheskie, programmnyie i tehnicheskie sredstva identifikatsii patternov biodannyih //Problemyi sovremennoy nauki i obrazovaniya. – 2014. – №. 10 (28).

4. Kuliash M., Yeldos A. Computer modeling electrocardiogram signals using notch filters //European research. – 2015. – №. 3 (4).

5. Drozdov D.V. Vliyanie filtratsii na diagnosticheskie svoystva biosignalov // Materialyi konferentsii /Funktsionalnaya diagnostika. – 2011. - №3. – S. 75-78

6. Mahesh S.H., Agarbala R.A. FIR equiripple digital filter for reductions of power line interference in the ECG signal // Proceedings of the 7th wseas international conference on signal processing, robotics and automation. - 2008. – P. 147-150

Алтай Е.А., Куатканова Ж.Е., Усенбай Т. А., Кунесбеков А.

MATLAB көмегімен электрокардиосигналдағы өзгерістерді детектрлеуде әсер етуші алгоритмдерді зерттеу

Түйіндеме. Ұсынылып отырған әдіс электрокардиограф сигналын оқу және анализдеуде P, Q, R және S пиктерінен өзгерістерді анықтау. Бірінші этапта нақты уақыт моментінде ЭКГ мәліметтерді өңделінеді. Келесі этапта кардиосигналдың пайда болуы келесі өңделуімен орындалынады. Енгізіліп детектрленген кардиосигналдардың аномальды және идеалданған сигналдарынан пиктерінің орналасуы. MATLAB бағдарламасының кқмегімен жұмыс жүзеге асырылады. Аппараттық бөліктердің құрастыру кезінде модельдеудің тиімділігінің артады.

Түйін сөздер. Электрокардиосигналдар, жоғарғы жиілікті фильтр, төменгі жиілікті фильтр, пик, MATLAB

Altai Y.A., Kuatkanova Zh.E., Usenbaev T.A., Kunesbekov A.

Research on the influence of algorithms electrocardiosignal in detecting abnormalities using MATLAB

Summary. The proposed method consists in studying and analyzing a waveform of the electrocardiograph (ECG) for detecting abnormality relative to existing peaks P, Q, R and S. In the first step the ECG data are collected in real time. At the next stage, the generation of signals with subsequent pretreatment. Third, the resulting ECG signal undergoes extraction of characteristic features. Extracted features can detect anomalous peaks present in the waveform. Thus, based on the selected features can differentiate normal and abnormal ECG signal. This work by the most famous multi-tool MATLAB. Simulation can help improve the accuracy for easy design of hardware.

Key words. Electrocardiosignal, high frequency filters, low pass filter, peak, MATLAB.

666.946.3

Т.М. Алменов, Н.Ш. Нурханов, Б.Қ.Бектұр, Е.Б. Ермахан
(Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, almen_t@mail.ru)

Бетон бекітпелерінің жетілдірілген жаңа құрамдары

Аңдатпа. Мақалада жерасты ғимараттары мен тау-кен қазбаларын бекітуге қолданылатын бетон бекітпелерінің жаңа құрамдарын жасау бойынша зерттеулер нәтижелері келтірілген. Жүргізілген зерттеулер мен сынақтар нәтижелерінде жерасты қазбалары мен ғимараттары салынатын сілемдердің шарттарына байланысты бетон қоспаларының тиімді болатын жаңа құрамдары жасалған. Атап айтқанда бетон бекітпесінің сығылымға және созылымға беріктігін, сапасын жоғарылату мақсатында, бетон құрамына негізгі толтырмалардан басқа да үдеткіш қоспаларды қосу ерекшеліктері және оның тиімді мөлшерлерін негіздеу зерттеулері қарастырылған.

Түйінді сөздер: Бетон бекітпесі, бетон, бүрікпебетон, фибробетон, толтырмалар, бетон құрамдары, жерасты ғимараттары, сілем, қазбаларды бекітпелеу.

Еліміз жер қойнауының байлықтарына бай елдердің бірі екендігі белгілі. Жер қойнауынан қара, түсті, бағалы және сирек кездесетін металдар, мұнай мен газ, су, тұз және көптеген халық шаруашылығына қажетті пайдалы қазбаларды өндіреді. Осындай пайдалы қазбаларды жерасты әдістерімен өндіру үшін жаңа кеніштерді салу және қайта жарақтандыру кездерінде көптеген күрделі жерасты тау-кен қазбалары салынады және жұмыс істеп тұрған кеніштер де, заман талаптарына сәйкес қайта жарақтандырылып, кеңейтіліп отырылады. Сонымен қатар, әлемдегі дамыған елдер жерасты кеңістігін әртүрлі мақсаттарға кеңінен пайдалануда. Мемлекеттік маңызы бар ірі қалалардағы жер бетінің белгілі бір аудандарын үнемдеу, экологиялық жағдайларды жақсарту, көліктік, энергетикалық және коммуникациялық шараларды дұрыс реттеу үшін жерасты кеңістігінде әртүрлі нысандарды салудың да өзіндік тиімділігі бар және де, бұл мәселелер қазіргі заманның талабы болып отыр. Мұндай арнаулы жерасты ғимараттарының құрылыстарын жүргізу (қоймалар, тоннельдер, метрополитендер, тұрақтар, жерасты комуникациялық желілер, энергетикалық нысандар және т.б.) елімізде де өз жолымен даму үстінде.

Осы ретте, қарастырып отырылған жерасты ғимараттарын бекітпелеуге қолданылатын тұтас бетон және бүрікпебетон бекітпелері қазба салынатын таужыныстары массивінің физико-механикалық қасиеттеріне және бекітпенің конструкциялық қолданылу шарттарына байланысты уақытша және тұрақты бекітпелер (монолитті тұтас бетон, темірбетон, бүрікпебетон (қалыңдығы

әртүрлі 2 *см*-ден 25 *см*-ге дейін) және темір немесе темірбетон анкерлерімен, металл торлармен бірге комбинациялық бекітпе) ретінде жерасты құрылысы тәжірибелерінде кеңінен қолданылады.

Аталған бекітпелердің қолданылу аясы өте кең болғандықтан, олардың құрылымдарын терең зерттеп, кемшілік тұстарын мейілінше азайтып, дайындау және қолдану технологияларын жетілдіру тау-кен және жерасты құрылыстары қарқынды дамыған Қазақстан елі үшін техника-технологиялық және экономика-экологиялық тұрғыдан маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жерасты ғимараттарын өтуде көп жағдайда тау қысымының қарқынының жылдам өсуі және су келімінің жоғарылауы сияқты жағымсыз сипаттамалар қазбаны өту процесстеріне кері әсерлерін тигізіп жатады. Осындай шарттарда қазбаны өтуде қолданылатын бетон және бүрікпебетон бекітпелерінің жылдам қатып қалуын, таужынысымен жылдам ұстасуын және су келіміне тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар, бетон мен темірбетон конструкцияларын орнату жұмыстары кезінде де бетонды қалыптан шығару уақытын жылдамдату қажет екендігі белгілі. Ол үшін жылдамқататын арнайы цементтерді, тығыздалуды қамтамасыз ететін сулыцементті қатынасы аз қатты қосындыларды (металл ұнтақтарды, доменді шлактарды, арнайы капронды және болат сымды талшықтарды) және арнайы химиялық үдеткіш қоспаларды пайдалануға болады [1].

Жерасты ғимараттарын бекітуге пайдаланатын бетон және бүрікпебетондардың пайдаланымдық қасиеттерін жоғарылату үшін, соңғы жылдары жалпы азаматтық құрылыстарда және жерасты құрылыстары салаларында бетонның құрамына көптеген әртүрлі үдеткіш қоспаларды қосып қолданысқа енгізу үстінде [1, 2].

Бетон және бүрікпебетон бекітпелерінің беріктігі мен сапасын жоғарылататын үдеткіш қоспаларды әртүрлі тау-кен геологиялық шарттарда салынатын жерасты ғимараттары мен қазбаларды бекіту кездерінде қолдануға болатындығы тәжірибелерде дәлелденген. Үдеткіш қоспаларды белгілі бір цементтің түріне және толтырмаларға (құм, ұсақтас, қиыр тас т.б.) қосқанда бетонның қасиеттері әртүрлі болатындығын зертеушілер анықталған. Сонымен қатар, үдеткіштердің түрлеріне қарай бетон қосындыларының қазбадағы таужыныстармен ұстасу дәрежелері де әртүрлі болатындығы анықталған. Бұл мәселелермен тек ТМД елдерінің мамандары ғана айналысып қоймай, алыс шет елдердің ғалым-инженерлеріде айналысқан. Мысалы, Австрияда техникалық содаға известь қосып жасалған – изокерит қоспа және үдеткіш – сигунит қоспалары жасалып қолданысқа енгізілген [2].

Үдеткіш қоспаларды қосып бетон жасау, материалдар мен еңбек шығындарын жоғарылатуы және бекітпелеу технологиясын біраз қиындатуы, сонымен қатар, кей жағдайларда бетонның кейбір қасиеттерін төмендетуі де мүмкін. Сондықтанда үдеткіш қоспаларды мұқият дәлелді түрде таңдап қабылдау қажет.

Бетон бекітпенің құрамына кіретін цемент, құм, ұсақ тас, үдеткіш қоспа сияқты негізгі қоспалармен қатар, оларды біріңғай бетон қойыртпағына айналдыратын судың да химиялық құрамына қойылатын талаптар бар. Себебі, судың химиялық құрамы бетон қоспасының бірігуінің жылдамдығына және оның беріктігіне үлкен әсер етеді. Мысалы, қоспаның немесе ақаба сулар және құрамында әртүрлі қоспалары бар (қышқылдар, тұздар, майлар және т.с.с.) сутектік көрсеткіштері төмен (РН<4) суларды бетон дайындауға қолдануға болмайды. Химиялық құрамы бойынша қолдануға рұқсат етілген сулар, қоспа дайындалардың алдында сүзіліп тазалануы тиіс.

Тәжірибелерден белгілі үдеткіш-қоспалардың қолдану аймағын және олар қосылған бетон бекітпелерінің қасиеттерін зерттеген зерттеуші ғалымдардың еңбектерін саралай отырып, жерасты ғимараттарын салуда бекітпе ретінде пайдаланылатын бетон бекітпесінің қосынды құрамына жаңа үдеткіш – қоспаны қолданып бетонның жаңа құрамдарын жасау мәселесін қарастырып отырмыз.

Таужыныстарынан болатын қысымдардың жылдам қарқын алуы және су келімінің болуы шарттарында қазбадағы бүрікпебетонның жылдам қатуын және жылдам ұстасуын қамтамасыз ету қажеттілігі туындайтыны тәжірибелерден белгілі. Бұл жағдайда, жылдамқататын арнайы цементтерді, тығыздалуды қамтамасыз ететін қатты қосындыларды (металл ұнтақтарды, доменді шлактарды, арнайы капронды және болат сымды талшықтарды) және арнайы химиялық үдеткіш қоспаларды пайдалануға болатындығы бірнеше ғалымдардың еңбектерінде баяндалған. Осы зерттеулердегі бекітпе сапасына әсер ететін факторларды ескере отырып, бетон және бүрікпебетон бекітпелерінің қосынды құрамына жылдамқату мен жылдамұстасуды қамтамасыз ететін және бекітпе беріктігін жоғарылататын жаңа үдетпе – қоспаны (латекс СКС-65 ГП “Б”) қолдануды, сонымен қатар, бекітпенің созылымға төтеп беру қасиетін жоғарылату мақсатында полипропиленді фибро талшықтарды пайдалануды ұсынып отырмыз.

Шартты түрде алғанда бетонды жылдамқатыруға арналған үдеткіш әрбір қоспалардың әрбірінің өзінің қолданылу аймағы бар. Бұл ретте аса назар аударатын мәселе қоспаларды бетон құрамына қосқанда оның бағасының қымбаттауы негізгі кері факторлардың бірі болып табылады. Яғни, бетондарды орнату жұмыстарында да үдеткіш қоспаларды қосу материалдар шығындарын жоғарылатуы мүмкін [1].

Жоғарыда келтірілген шарттарды ескере отырып, алға қойылған міндеттерді шешу үшін жалпы тау-кен және жерасты құрылысы салалары тәжірибелердегі жерасты ғимараттарын бекітпелеу технологияларына, бетон бекітпелерімен бекіту процесстері туралы келтірілген зерттеулерге мұқият талдаулар мен сараптамалар жасалды, зертханалық тәжірибелер жүргізе отырып, бетон құрамдарына, пайдаланымдық сапасына және тиімділігіне әсер ететін факторлар анықталды, аналитикалық талдаулар мен математикалық есептеу әдістері қолданылып, нақтылы шарттарға байланысты бетон бекітпелерінің технико-экономикалық көрсеткіштері жағынан тиімді болатын жаңа құрамдары жасалды.

Атап айтқанда, біз зерттеп қабылдаған бетон құрамына қосылатын үдеткіш қоспаның тиімді болатын мөлшерін анықтап қабылдау үшін зертханалық жағдайларда тәжірибелік зерттеулер жүргізілді (ҚазҰТУ, 167, 162 ТМҒ).

Зерттеу барысында үшкомпонентті (Ц:Қ:Ұ=1:2:1; С/Ц = 0,35÷0,45 аралығы) қоспа құрамы алынды және де оның құрамына латекс СКС-65 ГП “Б” үдеткіш қоспасы цемент массасынан 1%, 2%, 3%, 5%, 7%, 10%, 12%, 15% мөлшерінде қабылданып, бетон үлгілері алынды. Үлгі сынақтары өлшемдері 10×10×10 см қабырғалы формада дайындалып орындалды (1-сурет). Сонымен қатар, шартты жағдайда үлгі түрінде есептегенде бетондағы цементтің мөлшері Ц=280÷380кг/м^3 шамасын құрады. Бетон үлгілерінің тәуліктік өсімдері бойынша, сығылуға беріктігі Вольф аспабымен және «proceq» DIGI-SCHMIDT мен тексерілді (2-сурет). Зерттеулер нәтижелері 1-кестеде және 3-сурет гафигінде келтірілді.



1-сурет. Бетон құрамына латекс СКС-65 ГП “Б” үдеткіш қоспасы цемент массасынан 1% (1-сынақ), 2% (2-сынақ), 3% (3-сынақ), 5% (4-сынақ), 7% (5-сынақ), 10% (6-сынақ), 12% (7-сынақ), 15% (8-сынақ) мөлшерінде қосылып жасалған бетон үлгілерінің 28 тәуліктен кейінгі көрнісі.

2-сурет. DIGI-SCHMIDT 2000 маркалы тексеру балғасымен бетон беріктігін анықтаудаудағы зерттеу нәтижелері

1-кесте. **Бетон құрамына латекс СКС-65 ГП "Б" үдеткіш қоспасының тиімді болатын мөлшерін зерттеу нәтижелері.**

Сынақ номерлері	Бүрікпедегі латекс үдеткіш қоспасының мөлшері, %	Бетон үлгілерінің тәуліктер өсіміндегі сығылуға беріктік шегі, МПа ($\sigma_{сыг.}$)			
		1	3	7	28
1	1	3,1	10,3	31,6	47,1
2	2	3,6	12,9	45,6	54,2
3	3	3,8	14,8	46,9	62,0
4	5	3,8	13,32	46,3	62,3
5	7	3,9	13,46	46,8	62,5
6	10	4,1	13,9	47,0	62,9
7	12	4,73	14,1	47,9	63,4
8	15	5,1	14,8	48,2	67,3



1<T< 28

1 – бетон құрамындағы латекс үдеткіш қоспасының мөлшері - 1% қосылғанда;
2 - 2% ; **3** - 3%; **4** - 5%; **5** - 7% ; **6** - 10%; **7** - 12% ; **8** - 15% болғанда;

1-сынақ $\sigma=13,981Ln(T) + 0,736;\quad R^2=0,95;$
2-сынақ $\sigma=16,54Ln(T) + 2,706;\quad R^2=0,89;$
